

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 20 желтоқсанындағы
№ 34 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2023 жылдың 20 желтоқсанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Клирингтік қатысушылар туралы ҚАҒИДА

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	4
1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
1 бап. Негізгі ұғымдар және шартты белгілер	4
2 бап. Жалпы шарттар.....	5
3 бап. Биржаның ішкі құжаттары.....	7
2 ТАРАУ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫ МӘРТЕБЕСІН БЕРУ	8
4 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесін беруге кандидаттарға қойылатын талаптар.....	8
5 бап. Кандидаттың клирингілік қатысушы мәртебесін беру үшін ұсынатын құжаттары	8
6 бап. Кандидаттың өтінішін қарау. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау	9
7 бап. Кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру. Клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тарту	10
8 бап. Клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және қалпына келтіру	11
9 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру	13
3 ТАРАУ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ САНАТЫ	13
10 бап. Клирингілік қатысушыға санат беру/өзгерту тәртібі	13
4 ТАРАУ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ	15
11 бап. Клирингілік қатысушының мониторингін жүзеге асыру тәртібі.....	15
12 бап. Клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйінің мониторингі	16
5 ТАРАУ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	16
13 бап. Клирингілік қатысушының құқықтары мен міндеттері	16
14 бап. Клирингілік қатысушылардың ақпаратты ашуы	17
15 бап. Клирингілік алымдар	18
16 бап. Клирингілік қатысушының жауапкершілігі	19
17 бап. Биржаның жауапкершілігі	19
6 ТАРАУ. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР	20
18 бап. Келіспеушіліктер мен дауларды реттеу	20
19 бап. Тұжырымды қағидалар	20
1 қосымша. "Қазақстан қор биржасы" клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға қойылатын талаптар	21
1 кесте. "Қазақстан қор биржасы" клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға – Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына қойылатын талаптар.....	21
2 кесте. "Қазақстан қор биржасы" клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға – Қазақстан Республикасының шетелдік заңды тұлғаларына қойылатын талаптар	22

3 кесте.	"Қазақстан қор биржасы" клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға – АХҚО қатысушыларына қойылатын талаптар	24
2 қосымша.	"Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін ұсынылуға тиіс құжаттардың тізбесі	26
3 қосымша.	Клирингілік қатысушы мәртебесін беру және клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа қосылу туралы өтініш	29
4 қосымша.	Клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт.....	33
5 қосымша.	Биржалық нарықтардың клирингілік қорларына кепілдік жарналардың мөлшері.....	51
6 қосымша.	Клирингілік қатысушы санатын беру/өзгерту туралы өтініш.....	52

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына (бұдан әрі – Клирингілік қағидалар) және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және клирингілік қатысушы мәртебесін беру, одан айыру және қалпына келтіру тәртібін, клирингілік қатысушы санатын анықтау тәртібін, сондай-ақ клирингілік қатысушы мәртебесін алуға үміткер (бұдан әрі – кандидат) заңды тұлғаға қойылатын талаптарды, клирингілік қатысушы санатын анықтауға қойылатын талаптарды, клирингілік қатысушы мен Биржаның құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ жауапкершілігін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар және шартты белгілер

1. Осы Қағидада пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер мыналарды білдіреді:
 - 1) **биржалық нарықтар** – жиынтығында қор нарығы, валюта нарығы және деривативтер нарығы;
 - 2) **валюта нарығы** – мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметтің жүзеге асыратын Биржаның шетелдік валюталарының ұйымдастырылған нарығы;
 - 3) **Биржаның ішкі құжаттары немесе ішкі құжаттар** – Биржаның құрылтай құжаттары, Биржаның ішкі құжаттары, клирингілік қатысушыға (клирингілік қатысушыларға) қатысты өз құзыреті шегінде қабылданған және жазбаша түрде рәсімделген Биржаның органдарының, лауазымды тұлғаларының шешімдері;
 - 4) **ерікті провайдер** – Биржаның атынан орталық контрагентпен өтініште көрсетілген клирингілік қатысушы клиентінің сауда-клирингілік шотындағы қаржы құралдарын пайдалана отырып мәмілелер жасасқан кезде осындай сауда-клирингілік шотында ескерілетін қажетті бағалы қағаздар болған жағдайда Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен клирингілік қатысушылардың жайғасымдарын ауыстыру процедурасын жүзеге асыру шеңберінде оның клиентінің тарап ретінде ерекет етуге келісімін қамтитын өтінішті ұсынған клирингілік қатысушы;
 - 5) **өтінімдер** – Биржаның сауда-саттық жүйесіне мәмілелер жасауға берілген өтінімдер;
 - 6) **клирингілік алымдар** – осы ұғым Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағида" атты ішкі құжатында анықталған ұғым ретінде;
 - 7) **Ұлттық Банк** – "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" РМҚ;
 - 8) **міндеттеме** – клирингілік қатысушының өзі берген өтінім шарттарында мәміле жасасу міндеттемесі және/немесе мәмілені орындау міндеттемесі;
 - 9) **провайдер** – дефолтты реттеу мақсатында жайғасымдарды ауыстыру немесе жайғасымдарды жою мәмілелерін жасасу кезінде тарап ретінде анықталған клирингілік қатысушы;
 - 10) **рейтинг** – Биржаның "Биржа мүшелерінің қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес мерзімді негізде клирингілік қатысушы үшін Биржа анықтайтын рейтинг;
 - 11) **деривативтер нарығы** – Биржаның мәмілелері бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыратын Биржаның туынды қаржы құралдарының ұйымдастырылған нарығы;

- 12) **мәмілелер** – Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелер;
 - 13) **орталық контрагентсіз мәмілелер** – Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырмайтын мәмілелер;
 - 14) **орталық контрагентпен мәмілелер** – Биржа орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын мәмілелер;
 - 15) **уәкілетті бөлімше** – функцияларына клирингілік қатысушылардың мониторингі жататын Биржаның құрылымдық бөлімшесі;
 - 16) **уәкілетті орган** – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен дамыту жөніндегі уәкілетті орган;
 - 17) **"Астана" халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) қатысушысы** – қолданыстағы АХҚО құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлға, сондай-ақ АХҚО аккредиттеген өзге де заңды тұлға";
 - 18) **қор нарығы** – Биржаның ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығы, олармен мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметін жүзеге асырады.
2. Осы Қағидада пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдар мен шартты белгілерге ұқсас.
 3. Осы Қағидада пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер Биржаның басқа ішкі құжаттарында, Биржаның қызметтік құжаттарында және хат алмасуларында және биржалық ақпаратта да қолданылуы мүмкін.

2 бап.

Жалпы шарттар

1. Клирингілік қызмет көрсетуді Биржа Биржаның ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен дербес не Биржамен тиісті келісім шеңберінде уәкілетті органның лицензиясы бар басқа клирингілік ұйым жүзеге асырады.
Клирингілік ұйым осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген клирингілік қызмет көрсетуді жүзеге асырған кезде клирингілік қатысушы мәртебесін беру және клирингілік қызмет көрсету клирингілік ұйымның ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.
2. Ол тіркелген елдің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға құқығы бар, сондай-ақ қандай да бір санат бойынша Биржаның қолданыстағы мүшесі мәртебесіне ие заңды тұлға не Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес құжаттар пакетін ұсынған Биржаға мүшелікке кандидат клирингілік қатысушы бола алады.
3. Шет мемлекеттің клирингілік қатысушылары, сондай-ақ АХҚО қатысушылары болып табылатын клирингілік қатысушылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.
Егер тіркелген елдің (жердің) уәкілетті органы шетелдік клирингілік қатысушылар және/немесе АХҚО қатысушылары үшін жекелеген нормаларды (талаптар, шарттар, шектеулер) белгілемесе, көрсетілген клирингілік қатысушылар осы Қағиданың, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алады.
4. Мынадай заңды тұлғалар жүзеге асырылатын қызметтің түріне қарай клирингілік қатысушылар болып табылады:
 - 1) Ұлттық Банк;
 - 2) банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

- 3) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті не инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым.
5. Мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібін анықтау мақсатында клирингілік қатысушыға мынадай санаттардың бірі беріледі:
 - 1) "қамтамасыз етусіз" – клирингілік қатысушыға оның міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бойынша талаптар қолданылмайды;
 - 2) "ішінара қамтамасыз етумен" – клирингілік қатысушыға Клирингілік ережелерде белгіленген, оның міндеттемелерінің орындалуын ішінара қамтамасыз ету жөніндегі талаптар қолданылады;
 - 3) "толық қамтумен"- клирингілік қатысушыға осы міндеттемелер туындайтын қаржы құралдарында есеп айырысудың әрбір күніне оның міндеттемелерін толық қамтамасыз ету жөніндегі талап қолданылады.
6. Биржаның биржалық нарықтарда клирингілік қызметті жүзеге асыру шеңберінде клирингілік қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді ұсыну мақсатында Биржаның әртүрлі санаттағы мүшелеріне мынадай мәртебелер беріледі:
 - 1) "валюта нарығының клирингілік қатысушысы" – "валюталық" санаты бойынша Биржа мүшелеріне ;
 - 2) "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы" – "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелеріне ;
 - 3) "қор нарығының клирингілік қатысушысы" – "қор" санаты бойынша Биржа мүшелеріне.
7. Клирингілік қатысушыға Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен провайдер және/немесе ерікті провайдер белгісі берілуі мүмкін.
8. Биржаның бір мүшесі клирингілік қатысушының бірнеше мәртебесіне ие болуы мүмкін.
9. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру және одан айыру туралы, клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және қалпына келтіру туралы, клирингілік қатысушы санатын беру және өзгерту туралы шешімдерді Биржа Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) қабылдайды.
10. Басқарманың кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру мәселесі бойынша шешім қабылдауы уәкілетті бөлімше дайындаған қорытынды негізінде жүзеге асырылады. Қорытындыда кандидаттың осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ құру ерекшеліктеріне, ағымдағы қызметке, ірі акционерлерге (қатысушыларға), түпкілікті бенефициарларға, кандидаттың ағымдағы қаржылық жағдайына, бар шектеулерге және Басқарма негізделген шешім қабылдауы үшін қажетті өзге де ақпаратқа қатысты қосымша ақпарат қамтылуға тиіс.
11. Клирингілік қатысушы және оның қызметі туралы осы Қағидаға сәйкес Биржаға ұсынылуға жататын ақпараттың толықтығы, дәлдігі, дұрыстығы және өзектілігі үшін клирингілік қатысушы жауапты болады.

12. Биржа:
 - 1) кандидаттың (клирингілік қатысушының) мүдделі тұлғаларда осы клирингілік қатысушы туралы дұрыс емес түсінік қалыптастырылуы мүмкін толық емес, дәл емес, дәйексіз және өзекті емес ақпаратты ұсынуы;
 - 2) кандидаттың (клирингілік қатысушының) ақпаратты жасыруы;
 - 3) кандидаттың (клирингілік қатысушының) ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды орындау шеңберінде берген құжаттарында өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректерінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе кандидаттың (клирингілік қатысушының) ішкі құжаттарына сәйкес жария таратылуға жатпайтын өзге де ақпараттың болуы үшін жауап бермейді.
13. Реттеу тәртібі осы Қағидада және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталмаған, клирингілік қатысушы мәртебесін беруге, клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және қалпына келтіруге, клирингілік қатысушылардың ақпаратты ашуына және олардың қызметті жүзеге асыруына қатысты мәселелер қолданылатын заңнамаға сәйкес, ал мұндай рұқсат мүмкін болмаған кезде – егер осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Басқарманың құзыретіне жатпаса, Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес шешілуге тиіс.
14. Осы Қағидаға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, егер осындай өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау және/немесе бекіту кезінде өзгеше белгіленбесе, клирингілік қатысушы мәртебесін беру күніне қарамастан клирингілік қатысушыларға қолданылады.
15. Клирингілік қатысушы осы Қағидаға немесе клирингілік қатысушының мүдделерін шектейтін Биржаның өзге де ішкі құжаттарына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру бастамасын көтеруге құқылы.
16. Клирингілік қатысушы, егер осы ақпарат заңмен қорғалатын құпия болып табылмаса және осы Қағидаға немесе Клирингілік қатысушының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға тиіс болса, осы Қағидаға немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес алынған ақпаратты тарату жөніндегі Биржаның іс-әрекетіне тыйым салуға немесе шектеуге құқылы емес.

3 бап.

Биржаның ішкі құжаттары

1. Биржаның ішкі құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтіндей шамада қолдануға болады.
2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Биржаның ішкі құжаттарының мазмұны клирингілік қатысушыларға Биржаның интернет-ресурсында осы құжаттардың мәтіндерін және/немесе оларды қабылдау, бекіту немесе өзгерту туралы хабарламаларды жариялау жолымен жеткізіледі.
3. Биржаның клирингілік қатысушылардан мазмұны оларға жеткізілмеген ішкі құжаттар нормаларының сақталуын талап етуге құқығы жоқ.
4. Биржаның ішкі құжаттары оның зияткерлік меншігінің нысанасы болып табылады. Ішкі құжаттардың мазмұны клирингілік қатысушылармен Биржаның қатынастарында оларды қолдану мақсатында ғана клирингілік қатысушылардың назарына жеткізіледі. Биржаның ішкі құжаттарын көшіруге жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті болатын шамада рұқсат етіледі. Биржаның ішкі құжаттарын кез келген өзге де санкцияланбаған пайдалануға тыйым салынады.

2 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫ МӘРТЕБЕСІН БЕРУ

4 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесін беруге кандидаттарға қойылатын талаптар

1. "Валюта нарығының клирингілік қатысушысы" және/немесе "қор нарығының клирингілік қатысушысы" және/немесе "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы" мәртебесін беру үшін кандидат осы Қағидаға 1 қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
2. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға тікелей немесе жанама байланысты, террористік қызметке қатысы бар және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің интернет-ресурсында орналастырылатын осындай тұлғалардың тізіміне енгізілген тұлға кандидат бола алмайды.

5 бап. Кандидаттың клирингілік қатысушы мәртебесін беру үшін ұсынатын құжаттары

1. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру үшін кандидат Биржаға тізбесі осы Қағидаға 2 қосымшада белгіленген құжаттарды ұсынуға тиіс.
2. Тізбесі осы Қағидаға 2 қосымшада белгіленген құжаттар топтамасымен бірге кандидат осы Қағидаға 3 қосымшаның нысаны бойынша клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтініш беруге тиіс.

Биржаның осы өтінішті алған күніне қарамастан, Биржада құжаттардың соңғысы (осы Қағиданың 7 бабының 2 тармағына сәйкес қосымша сұратылған соңғы ақпарат) болған кезде өтініш қарауға қабылданды деп есептеледі.

Клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтініш бір мезгілде осы Қағидаға 4 қосымшада көзделген нысан бойынша Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа қосылуға кандидаттың келісімі (жасасуға Биржа офертасының акцептімен) болып табылады. Клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт Басқарма шешімі күшіне енген күннен бастап Биржа мен кандидат арасында кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы келісім-шарт жасалды деп есептеледі.

3. Биржа осындай өтінішті қарау үшін осы Қағидада және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген барлық құжаттар (мәліметтер немесе ақпарат) болған кезде ғана өтінішті қарауға қабылдайды. Мұндай құжаттар (мәліметтер немесе ақпарат) болмаған немесе ішінара болмаған кезде Биржа өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартады.

Егер кандидаттың қандай да бір құжаттары (мәліметтері немесе ақпараты) Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес Биржаға мүше мәртебесін алу үшін бұрын берілсе және өзекті болып табылса, оларды қайта ұсыну талап етілмейді.

4. Уәкілетті бөлімше қорытынды дайындауға қажетті қосымша құжаттардың тізімін өтінішті қабылдау кезінде кандидатпен келісім бойынша осы бөлімше анықтайды.
5. Клирингілік қатысушы Биржаға ұсынуға жататын кез келген құжаттар мен ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде ұсынады. Шет мемлекетте тіркелген клирингілік қатысушы мұндай ақпаратты ағылшын тілінде ұсынады.

6 бап.

**Кандидаттың өтінішін қарау.
Клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау**

1. Төменде көрсетілген мерзім ішінде уәкілетті бөлімше қолда бар құжаттармен өтінішті қарайды және мынадай құжатты дайындайды:
 - 1) Биржаның кіріс хат-хабары ретінде өтінішті алған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын өтінішті қарауға қабылдаудан дәлелді бас тарту (кандидат айқын сәйкес келмеген не осы Қағиданың 5 бабының 1 тармағынан туындайтын құжаттардың жиынтығы бойынша талаптар сақталмаған кезде);
 - 2) уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі және осы бөлімшенің басшысы немесе оларды алмастыратын тұлғалар осы баптың 3 тармағында белгіленген шартты ескере отырып қол қоятын клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды (өтінішті қарауға қабылдаудан дәлелді бас тартуды дайындау үшін негіздер болмаған кезде).
2. Кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды (бұдан әрі – қорытынды) мынадай ақпаратты:
 - 1) кандидаттың осы Қағидаға 1 қосымшаның талаптарына сәйкестігі туралы;
 - 2) кандидаттың осы Қағидаға 2 қосымшада белгіленген құжаттарды ұсынуы туралы;
 - 3) кандидаттың өзі заңнамаға сәйкес құрылған мемлекеттің заңнамасының талаптарын сақтауы туралы (жария көздерден);
 - 4) егер кандидат көрсетілген кезеңде Биржаның жұмыс істеп тұрған мүшесі болып табылса, клирингілік қатысушы мәртебесін беруге өтініш берілген күнге дейін кемінде бір жыл кезең ішінде кандидаттың өз міндеттемелерін орындамау (тиісінше орындамау) фактілерінің болуы/болмауы туралы;
 - 5) клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін елеулі болып табылатын өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.
3. Қорытынды дайындау барысында уәкілетті бөлімше кандидаттан, мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан уәкілетті бөлімшенің пікірі бойынша негізделген қорытынды дайындау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Мұндай жағдайда қорытындыны дайындау уәкілетті бөлімше сұратылған құжаттарды және/немесе өзге де жауапты алғанға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады.

Биржа сонымен қатар кандидаттан құрылу, ағымдағы қызмет ерекшеліктеріне, ірі акционерлерге (қатысушыларға), түпкілікті бенефициарларға, кандидаттың ағымдағы қаржылық жағдайына, қолда бар шектеулерге қатысты қосымша ақпаратты және Басқарма негізделген шешім қабылдауы үшін қажетті өзге де ақпарат сұратуға құқылы.
4. Кандидаттың оған клирингілік қатысушы мәртебесін беру мақсатында толық емес, дәл емес, дәйексіз немесе өзекті емес ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсынуы қорытынды дайындаудан бас тарту үшін және тиісінше Биржаның кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартуы үшін жеткілікті негіз болып табылады.

7 бап.

**Кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру.
Клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тарту**

1. Кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы мәселе клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы оң қорытынды болған кезде Басқарманың қарауына шығарылады.

Кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтінішті және уәкілетті бөлімше дайындаған қорытындыны Басқарма қорытынды дайындалған күннен кейін оның жақын арадағы отырысында қарайды.

Басқарма осы Қағиданың 5 және 6 баптарына сәйкес дайындалған қорытындыны басшылыққа ала отырып, осы Қағиданың 3 тарауына сәйкес белгілі бір санатты белгілей отырып, кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды.

2. Басқарманың пікірінше, өтінішті қарау кезінде Басқарма кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы негізделген шешім қабылдау үшін кандидаттың қажетті қосымша құжаттарды беруі туралы шешім қабылдауға және өтінішті қарауды белгілі бір мерзімге дейін кейінге қалдыруға құқылы.

Басқарма кандидат туралы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қосымша ақпарат алу қажеттігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Басқарма өтінішті қайта қарауды осы баптың 2 тармағына сәйкес кандидат немесе мемлекеттік орган немесе өзге де ұйым ұсынған құжаттардың соңғысын алғаннан кейін оның жақын арадағы отырысында жүргізеді.

4. Кандидаттың осы Қағиданың 4 бабы талаптарының кез келгеніне сәйкессіздігін, сондай-ақ кандидаттың клирингілік қызметтерді алу кезінде міндеттемелерді орындамауына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлардың туындау мүмкіндігі туралы куәландыратын заңнаманы немесе өзге де мәліметтерді бұзу фактілерін анықтау кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартуға жеткілікті негіз болып табылады.

5. Басқарманың кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешімі кандидаттың және уәкілетті органның назарына осы шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тиісті хабарлама жіберу жолымен жеткізіледі.

6. Басқарманың кандидатқа қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін беру туралы шешімі Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес кандидат кіру жарнасын төлеген күннен кейін келесі жұмыс күні күшіне енеді. Биржаның мүшесі мәртебесі болған жағдайда, Басқарманың кандидатқа қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін беру туралы шешімі шешім қабылданған күннен бастап келесі жұмыс күні күшіне енеді.

7. Кандидат клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде кіру жарнасын енгізбеген (толық мөлшерде енгізбеген) жағдайда, Басқарманың кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешімі жойылады және қолданысқа енгізілмейді.

Кандидаттың өтінішін қайта қарау осы Қағиданың 5 және 6 баптарында және осы баптың 1-6 тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8. Басқарманың кандидатқа клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімі тиісті хабарлама жіберу арқылы шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей кандидаттың назарына жеткізіледі.

9. Клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартылған кандидат Басқарма тиісті шешім қабылдаған күннен бастап үш ай өткен соң осы Қағиданың талаптарын ескере отырып, клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы қайта өтініш беруге құқылы.
10. Клирингілік қатысушыға биржалық нарық бойынша клирингілік қатысудың қосымша мәртебелерін беру осы Қағиданың 5 және 6 баптарында және осы баптың 1-6 тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Осы Қағидаға 2 қосымшада көрсетілген құжаттарды, деректер өзекті және олар Биржада болған жағдайда, қайта ұсыну талап етілмейді.
11. Кандидаттың осы Қағидаға 1 қосымшада белгіленген талаптарға формальды сәйкестігі, сол сияқты кандидаттың клирингілік қатысушы мәртебесін беру үшін құжаттарды осы Қағидада белгіленген нормаларға толық сәйкес беруі Биржаға осындай беру туралы шешім қабылдау міндеттемесін қоймайды.
12. Кандидат клирингілік қатысушы мәртебесін алмаған жағдайда, мұндай кандидат Клирингілік ережелерде көзделген тәртіппен Биржаның сауда-саттыққа қатысушысы арқылы не клирингілік қатысушылар болып табылатын уәкілетті тұлға (брокер/дилер) арқылы клирингілік қызметтерді ала алады.

8 бап.

Клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және қалпына келтіру

1. Басқарма мынадай жағдайларда клирингілік қатысушыға қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетуді белгілі бір мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы:
 - 1) клирингілік қатысушы осы Қағидаға 1 қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
 - 2) клирингілік қатысушы мәмілелер бойынша, осы Қағидаға, Клирингілік ережелерге және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес кепілдік жарналарын, қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу) бойынша міндеттемелерді орындамаған (тиісінше орындамаған);
 - 3) осы Қағидаға, Клирингілік ережелерге және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік алымдарды, тұрақсыздық айыбын және өзге де қолданылатын сомаларды төлемеген (уақтылы немесе толық төлемеген);
 - 4) клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындау қабілетіне теріс әсер етуге қабілетті ақпарат болған кезде;
 - 5) клирингілік қатысушыны қандай да бір биржалық нарықтың барлық құралдарымен сауда-саттықтан шеттету.
2. Осы баптың 1 тармағының 1)–5) тармақшаларында белгіленген негіздердің кез келгені бойынша клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру Басқарманың осы клирингілік қатысушыны осы биржалық нарықта осындай мерзімге сауда-саттықтан шеттету туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.
3. Клирингілік қатысушы тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұрған кезде Клирингілік ережелерде, осы Қағидада және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген міндеттемелерді сақтайды.
4. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес бұрын тоқтатыла тұрған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді клирингілік қатысушы клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі ретінде Басқарма анықтаған мерзім ішінде сәйкессіздікті жойған жағдайда Басқарма қабылдауға құқылы.

5. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес бұрын тоқтатыла тұрған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді Басқарма орындалмауы (тиісінше орындалмауы) Басқарманың осындай клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған оның міндеттемелерін клирингілік қатысушы толық орындаған жағдайда қабылдауға құқылы.
6. Осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес бұрын тоқтатыла тұрған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді Басқарма клирингілік қатысушы төлемегені үшін клирингілік қызмет көрсету тоқтатыла тұрған төлемдерді төлегеннен кейін қабылдауға құқылы.
7. Осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес бұрын тоқтатыла тұрған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді Басқарма клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдау үшін негіз болған себептердің жойылғанын куәландыратын ақпаратты алған кезде қабылдауға құқылы.
8. Осы баптың 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес бұрын тоқтатыла тұрған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді Басқарма тиісті биржалық нарыққа клирингілік қатысушының мүшелігі қалпына келтірілген немесе тиісінше оның сауда-саттыққа жіберілуі қайта басталған жағдайда қабылдайды.
9. Клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және қалпына келтіру Басқарманың осы клирингілік қатысушыны сауда-саттықтан шеттету немесе тиісті биржалық нарықта (нарық секторында) осындай мерзімге қаржы құралдарымен сауда-саттыққа жіберу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.
10. Клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе қалпына келтіру туралы Басқарма шешімі клирингілік қатысушы мен уәкілетті органның назарына клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе қалпына келтіру күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тиісті хабарламалар жіберу арқылы жеткізіледі.
11. Клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарналарын қайтару үшін негіз болып табылмайды.

9 бап.

Клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру

1. Басқарма мынадай жағдайларда клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдайды:
 - 1) егер бұрын Басқарма осы Қағиданың 8 бабының 1 тармағына сәйкес клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған, ал клирингілік қатысушы Басқарма белгілеген мерзімде көрсетілген шешімді қабылдау үшін негіз болған сәйкессіздіктерді жоймаған жағдайда;
 - 2) Басқарма клирингілік қатысушыны тиісті биржалық нарықта Клирингілік ережелерге сәйкес дәрменсіз деп таныған жағдайда;
 - 3) Клиринг орталығы клирингілік қатысушы мәртебесінен ерікті түрде бас тарту туралы өтінішпен бірге клирингілік қатысушының хатын алған кезде.
2. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру тиісті санат бойынша Биржаға мүшелігінен айырылған жағдайда Басқарма шешімінсіз жүргізіледі.

3. Белгілі бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру осы ұйымның тиісті биржалық нарық бойынша мүшелігін тоқтату туралы мәселені Биржаның Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы ұсыным үшін негіз бола алады.
4. Басқарманың клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешімі клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тиісті хабарламалар жіберу арқылы клирингілік қатысушы мен уәкілетті органның назарына жеткізіледі
5. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған ұйым (ұйымның міндеттемелері бойынша жауап беретін өзге заңды тұлға, мысалы тарату комиссиясы) ұйымның Клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болу кезеңінде туындаған, Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген міндеттемелерін сақтайды.

3 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ САНАТЫ

10 бап. Клирингілік қатысушыға санат беру/өзгерту тәртібі

1. Кез келген биржалық нарықта "қамтамасыз етусіз" санаты Ұлттық Банкке ғана беріледі.
2. Ұлттық Банкті қоспағанда, деривативтер нарығының барлық клирингілік қатысушыларына "ішінара қамтамасыз етумен" санаты белгіленеді.
3. Ұлттық Банкті қоспағанда, валюта және қор нарықтарының клирингілік қатысушыларына Басқарманың шешімімен "толық қамтумен" немесе "ішінара қамтамасыз етумен" санаты берілуі мүмкін.
4. "Ішінара қамтамасыз етумен" санаты осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, мынадай талаптарға сәйкес келетін қор нарығының клирингілік қатысушысына берілуі мүмкін:
 - 1) "С" деңгейінен төмен емес рейтингке ие болу;
 - 2) клирингілік қатысушы тіркелген мемлекеттің уәкілетті органы белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілігі және өтімділік бойынша нормативтерді сақтау (мұндай талаптар болған кезде).
5. Қор нарығының клирингілік қатысушысы осы баптың 4 тармағының талаптарының кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда Басқарма осындай клирингілік қатысушыға:
 - 1) "толық қамтумен";
 - 2) қор нарығының клирингілік қатысушысына мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімнің төмендемейтін мәніне шектеулерді қолдана отырып, "ішінара қамтамасыз етумен" санатын белгілеуге құқылы.
6. "Ішінара қамтамасыз етумен" санаты осы баптың 7 тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, мынадай талаптарға сәйкес келетін валюта нарығының клирингілік қатысушысына берілуі мүмкін:
 - 1) "С" деңгейінен төмен емес рейтингке ие болу;
 - 2) клирингілік қатысушы тіркелген мемлекеттің уәкілетті органы белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілігі және өтімділік бойынша нормативтерді сақтау (мұндай талаптар болған кезде).
7. Валюта нарығының клирингілік қатысушысы осы баптың 6 тармағында анықталған талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда, Басқарма осындай клирингілік қатысушыға:
 - 1) "толық қамтумен";
 - 2) валюта нарығының клирингілік қатысушысына жайғасымдарды ашу шектелімін қолдана отырып және шоғырлану мөлшерлемесінің кемінде бір реттік мөлшеріне тең бастапқы маржаның жеке мөлшерлемесін белгілей отырып, "ішінара қамтамасыз етумен" санатын белгілеуге құқылы.
8. Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет Басқармаға клирингілік қатысушы санатын белгілеу/өзгерту жөнінде ұсынымдар беруге құқылы. Басқарма осы ұсынымды ескере отырып шешім қабылдайды.
9. Егер клирингілік қатысушыға жайғасымдарды ашу шектелімін қолдана отырып және бастапқы маржаның жеке ставкасын белгілей отырып "ішінара қамтамасыз етумен" санаты белгіленген валюта нарығының клирингілік қатысушысы қатарынан үш ай ішінде осы баптың 6 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Басқарма мұндай клирингілік қатысушыға жайғасымдарды ашу шектелімін және бастапқы маржаның жеке

мөлшерлемесін қолданбай "ішінара қамтамасыз етумен" санатын белгілеуге құқылы.

10. Егер мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімнің төмендемейтін мәніне шектеулерді клирингілік қатысушыға қолдана отырып "ішінара қамтамасыз етумен" санаты белгіленген қор нарығының клирингілік қатысушысы қатарынан үш ай ішінде осы баптың 4 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Басқарма мұндай клирингілік қатысушыға мәмілелер бойынша бірыңғай шектелімнің төмендемейтін мәніне шектеулерді қолданбай "ішінара қамтамасыз етумен" санатын белгілеуге құқылы.
11. "Ішінара қамтамасыз етумен" санатындағы клирингілік қатысушы осы Қағидаға 5 қосымшада анықталған мөлшерде тиісті биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарна енгізуге міндетті.
12. Клирингілік кепілдік қорларға кепілдік жарналарды енгізу, қосымша енгізу және қайтару тәртібі Клирингілік ережелерде анықталған.
13. Клирингілік қатысушы күнтізбелік айда бір реттен жиі емес осы Қағидаға 6 қосымшаның нысаны бойынша жасалған клирингілік қатысушы санатын өзгерту туралы өтініш беруге құқылы.
14. Басқарма клирингілік қатысушы санатын өзгерту туралы өтінішті осындай өтініш қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қарайды.
15. Басқарма клирингілік қатысушы санатын:
 - 1) клирингілік қатысушылар мониторингінің нәтижелері туралы есептің;
 - 2) Клирингілік ережелерге сәйкес клирингілік қатысушының жосықсыз деп танылуы;
 - 3) клирингілік қатысушының осы баптың 13 тармағында көрсетілген өтініші;
 - 4) Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің ұсынымдары;
 - 5) клирингілік қатысушының осы Қағидада және Клирингілік ережелерде көзделген міндеттемелерді орындау қабілетіне ықпал етуге қабілетті өзге де ақпарат негізінде өзгертуге құқылы.
16. Егер Басқарма клирингілік қатысушы санатын "толық қамтумен" санатынан "ішінара қамтамасыз етумен" санатына өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, онда мұндай клирингілік қатысушы клирингілік кепілдік қорына осы баптың 11 және 12 тармақтарына сәйкес жарна енгізуге міндетті.
17. Басқарманың клирингілік қатысушы санатын өзгерту туралы шешімі тиісті хабарлама жіберу арқылы шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей клирингілік қатысушының назарына жеткізіледі.

4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

11 бап.

Клирингілік қатысушының мониторингін жүзеге асыру тәртібі

1. Биржа клирингілік қатысушылардың осы Қағидада белгіленген талаптарға, сондай-ақ клирингілік қатысушы мәртебесін және оған берілген санатты негізге ала отырып, өзге де ішкі құжаттарға сәйкестігін анықтау мақсатында олардың мониторингін жүзеге асырады.
2. Биржа клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне мониторингті клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен және клирингілік қатысушылар ұсынған құжаттар мен ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

3. Мониторингті жүзеге асыру үшін Биржа клирингілік қатысушыларға олардың қызметі туралы ақпаратты ашу бойынша, сондай-ақ мерзімді есеп берушілікті ұсыну бойынша талаптарды белгілейді. Осы талаптар осы Қағидада және Биржаның оның қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарында белгіленеді.
4. Клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асыру тәртібі, мониторинг нәтижелері туралы есептерді дайындау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларды қарау тәртібі Басқарма бекітетін клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында анықталады.
5. Биржа клирингілік қатысушылардың осы Қағиданың талаптарына сәйкестігіне мониторингті:
 - 1) осы Қағидаға 1 қосымшада белгіленген клирингілік қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы;
 - 2) осы Қағиданың 10 бабында анықталған тиісті биржалық нарықта клирингілік қатысушының белгіленген санатына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы;
 - 3) талданатын кезеңде клирингілік қатысушының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша, кепілдік жарналарды, қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу), Биржаның клирингілік және өзге де алымдарын төлеу, тұрақсыздық айыбын және осы Қағидаға, Клирингілік ережелерге және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өзге де қолданылатын сомаларды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамау (тиісінше орындамау) фактілерінің болуы/болмауы туралы ақпаратты жинау және талдау жолымен жүзеге асырады.

12 бап.

Клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйінің мониторингі

1. Биржа клирингілік қатысушылар ұсынған құжаттар мен ақпарат негізінде Басқарма бекітетін Биржаның жеке ішкі құжатында белгіленген тәртіппен және шарттарда клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады.
2. Клирингілік қатысушының қаржылық жай-күйінің мониторингі:
 - 1) клирингілік қатысушының қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес пруденциалдық нормативтерді және/немесе мәні бойынша ұқсас өзге де нормативтерді немесе көрсеткіштерді орындауын тексеруді;
 - 2) клирингілік қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген жарғылық және меншікті капиталдардың минималды мөлшеріне қойылатын талаптарды орындауын бақылауды;
 - 3) клирингілік қатысушының қаржылық жай-күйін бағалауды қамтиды.
3. Клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйі мониторингінің нәтижелері Басқарманың қарауына жататын есептер түрінде рәсімделеді.

**5 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.
КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

13 бап.

Клирингілік қатысушының құқықтары мен міндеттері

1. Клирингілік қатысушы Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен:

- 1) Биржаның клирингілік қызмет көрсетуін пайдалануға;
 - 2) Биржадан клирингілік сессиялардың қорытындылары бойынша ақпарат алуға;
 - 3) Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ақпаратты алуға;
 - 4) Биржаның қарауына оның клирингілік қызметіне қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.
2. Клирингілік қатысушы:
- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ оларға енгізілуі мүмкін өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтауға;
 - 2) Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді, оның ішінде кепілдік жарналарды, қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу), сондай-ақ тұрақсыздық айыбын және өзге де қолданылатын сомаларды төлеу жөніндегі міндеттемелерді адал орындауға;
 - 3) Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген клирингілік алымдарды және өзге де төлемдерді осындай ішкі құжаттарда белгіленген мөлшерде және тәртіппен Биржаның пайдасына төлеуге;
 - 4) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді уақтылы, толық және оңтайлы тәсілмен орындауға;
 - 5) осы Қағидада және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды уақтылы және толық көлемде орындауға (осы Қағиданың 14 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 6) Биржа қабылдаған шешімдерді мойындауға және орындауға міндетті.

14 бап.

Клирингілік қатысушылардың ақпаратты ашуы

1. Осы бапта белгіленген ақпаратты ашу жөніндегі талаптар Ұлттық Банкке және халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.
2. Ақпаратты ашу шеңберінде клирингілік қатысушы жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 01 шілдесінен кешіктірмей Биржаға мынадай құжаттар мен ақпаратты тапсыруға міндетті:
 - (егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін екінші деңгейдегі банк болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған клирингілік қатысушының есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелерінде белгіленген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты;
 - (егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін банк болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған клирингілік қатысушының есепті жылдың 31 желтоқсандағы жағдай

- бойынша осы мемлекеттің банк қызметін реттеу жөніндегі органы белгілеген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты;
- (егер клирингілік қатысушы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті не инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін ұйым болып табылса) есепті жыл үшін тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы есеп;
 - (егер клирингілік қатысушы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті не инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттік заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін ұйым болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған клирингілік қатысушының есепті жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы мемлекеттің осы қызметті реттеу жөніндегі органы белгілеген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты.
3. Клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асыру мақсатында клирингілік орталық клирингілік қатысушыдан мынадай ақпаратты сұратуға құқылы:
- клирингілік қатысушының белгілі бір кезеңділікпен қайталанатын ұсыну мерзімдері көзделген құжат (есеп берушілік) ретінде түсінілетін мерзімді есеп берушілігі (бұдан әрі – есеп берушілік);
 - белгілі бір кезеңділіксіз қандай да бір оқиғалардың басталуына қарай Биржаға ұсынылатын құжаттар (ақпарат) түсінілетін клирингілік қатысушының ағымдағы қызметі туралы құжаттар (бұдан әрі – ақпарат).
4. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген құжаттар мен ақпарат Биржаға кілттерін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Төлем Корпорациясы" АҚ құрған электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттар түрінде is2in¹ жүйесі арқылы ұсынылады.
5. Клирингілік қатысушы мәртебесін тоқтата тұру оны осы бапқа сәйкес ақпаратты ашу міндетінен босатпайды.
6. Ақпаратты ашудың жалпы тәртібі Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатымен анықталады.

15 бап. Клирингілік алымдар

1. Биржа орталық контрагентпен мәмілелер бойынша нетто-негізде және орталық контрагентсіз мәмілелер бойынша гросс-негізде, Клирингілік ережелеріне сәйкес дефолтты реттеу шеңберінде Клирингілік қатысушы атынан Биржа жасаған мәмілелерді қоса алғанда, клирингті жүзеге асырғаны үшін клирингілік алымдарды алады.

¹ "is2in" (ISSUERS TO INVESTORS) – Биржа мен оның мүшелері арасындағы, сондай-ақ Биржа мен бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының арасындағы электрондық құжат айналымының мамандандырылған жүйесі, ол Биржаның мүшелері мен бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларына Биржаға құжаттар мен ақпаратты кейіннен оларды Биржаның интернет-сайтында автоматты тәртіптемеде орналастыра отырып электрондық түрде (мұндай құжаттардың және ақпараттық сипаттағы хабарламалардың қағаз нұсқаларын ұсынбай) беруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2. Клирингілік қатысушылар Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағида" атты ішкі құжатында белгіленген мөлшерде және тәртіппен клирингілік алымдар төлейді.
3. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған кезде бұрын төленген жарналар мен клирингілік алымдар қайтаруға жатпайды.
4. Клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру клирингілік қатысушыны клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.
5. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру мұндай клирингілік қатысушыны клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болған кезеңде есептелген клирингілік алымдарды, сондай-ақ Клирингілік ережелерге сәйкес дефолттарды реттеу шеңберінде клирингілік қатысушы атынан жасалған мәмілелер үшін есептелген алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

16 бап. Клирингілік қатысушының жауапкершілігі

1. Клирингілік қатысушының Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген өз міндеттемелерін кез келген орындамауы (тиісінше орындамауы) осындай құжаттарда белгіленген тәртіппен реттелуге жатады.
2. Клирингілік қатысушының Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген өз міндеттемелерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін тұрақсыздық айыбы есептеледі және осындай құжаттарда белгіленген тәртіппен төленуге тиіс.

17 бап. Биржаның жауапкершілігі

1. Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша Биржа басқа клирингілік қатысушылардың Клирингілік ережелерде белгіленген тәртіппен және шектеулерді ескере отырып, олардың Биржа алдындағы міндеттемелерін орындауына қарамастан, әрбір адал клирингілік қатысушы алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.
2. Орталық контрагенттің қатысуынсыз мәмілелер бойынша Биржа Клирингілік ережелерде белгіленген тәртіппен қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді.
3. Биржа өзі қабылдаған бақылау шеңберінен тыс, сондай-ақ мынадай жағдайлар немесе оқиғалар нәтижесінде туындаған қандай да бір залалдар немесе шығындар үшін жауап бермейді:
 - 1) еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор жағдайларының) немесе Биржаның жауапкершілік аймағынан тыс өзге де оқиғалардың туындау себебінен іркіліс туындаған кезде;
 - 2) техникалық проблемалар туындаған, бағдарламалық-техникалық кешендердің ішінара немесе толық операциялық тұрақсыздығы, саудасаттық, клирингілік және есеп айырысу процедураларын жүзеге асыру кезінде енгізу-шығару процедураларының қателері, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынылған қамтамасыз етуді иелік ету, басқару қателері туындаған кезде;
 - 3) клирингілік қатысушы Клирингілік ережелерге, осы Қағидаға (оның ішінде оған қосымшаларға) және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамаған (тиісінше орындамаған) кезде;

- 4) дефолттарды реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асыру кезінде;
- 5) ақпаратты ашу жөніндегі талаптар шеңберінде клирингілік қатысушылар ұсынатын құжаттарда толық емес не дұрыс емес ақпарат болған кезде;
- 6) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар клирингілік қатысушының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетіне теріс әсер етуге қабілетті ақпаратты ұсынбаған (уақтылы ұсынбаған) кезде.

6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

18 бап. Келіспеушіліктер мен дауларды реттеу

1. Клирингілік қатысушылар арасында, Биржа мен оның клирингілік қатысушылары арасында туындайтын, Биржаның қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын даулар мен жанжалдар (клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру, сондай-ақ клирингілік қатысушы санаттарын белгілеу және өзгерту мәселелері бойынша даулар мен жанжалдарды қоспағанда) келіссөздер жолымен шешілуі тиіс.
2. Егер келіссөздер жолымен өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, реттелмеген дау (жанжал) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

19 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағида және осы Қағидаға барлық өзгертулер және/немесе толықтырулар клирингілік қатысушыларға Биржаның интернет-ресурсында орналастыру жолымен жеткізіледі.
2. Осы Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ осы Қағида бекітілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.
3. Осы Қағидаға өзгертулер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуі үшін Биржаның клиринг бөлімшесі жауапты болады.

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы
мәртебесін алу үшін кандидаттарға қойылатын****ТАЛАПТАР****1 кесте. "Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу
үшін кандидаттарға – Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына
қойылатын талаптар**

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
	1	2	3
1.	Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелу	+	+
2.	Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарының және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есеп берушілікті жасауды жүзеге асыру	+	+
3.	Уәкілетті орган белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативін сақтау	+	+
4.	Уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+
5.	Уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұлттық және/немесе шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге, оның ішінде шетел валютасымен мәмілелер жасауға (айырбастау операцияларын жүзеге асыруға) құқығының болуы не шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясының болуы (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда)	+	–

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
	1	2	3
6.	Уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқығының болуы	–	+
7.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына/акционерлеріне/лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларға қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+
8.	eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесіне қосылудың болуы	+	+

Кестеге ескертпелер:

- 1) 2 бағанда "+" талап "валюталық" санат бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді; "-" талап "валюталық" санат бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылмайтынын білдіреді;
- 2) 3 бағанда "+" талап "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді; "-" талап клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша қолданылмайтынын білдіреді.

2 кесте. "Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға – шетелдік заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
А	1	2	3
1.	"Қор биржасына мүшелік үшін шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 360	+	+

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
A	1	2	3
	қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болып табылу		
2.	FATF мүшесінің не FATF қауымдастырылған мүшесі (бақылаушысы) болып табылатын өңірлік топ мүшесінің қолданыстағы мәртебесіне ие мемлекетте құрылуы	+	+
3.	Қазақстан Республикасымен қосарланған салық салуды болдырмау туралы және табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық келісім-шарт (конвенция, келісім) жасасқан мемлекетте құрылуы	+	+
4.	Тізбесі Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары қызметінің және қаржы нарығындағы қызметтің өзге де лицензияланатын түрлерінің мақсаттары үшін және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттары үшін анықталған оффшорлық аймақтардың ешқайсысында заңды тұлға ретінде тіркелмеуі (құрылмауы)	+	+
5.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына/акционерлеріне/лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларына қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+
6.	Бағалы қағаздар рыногының брокер-дилерлері үшін тәуекел-менеджментін ұйымдастыру жөніндегі өз бөлігінде IOSCO ² ұсынған не Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актісінде ³ белгіленген ережелерге сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+
7.	Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есеп берушілік	+	+

² "International Organization for Securities Commissions" ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы - Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы. Risk Management and Control Guidance for Securities Firms and their Supervisors, A Report by the Technical Committee of the International Organization of Securities Commissions (May, 1998, 31 p., <http://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD78.pdf>).

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылдың 27 тамызындағы № 214 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 12 қарашасындағы № 188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері.

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
A	1	2	3
	стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есеп берушілік жасауды жүзеге асыру		
8.	Клирингілік қатысушы тіркелген мемлекеттің уәкілетті органы белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативін сақтау	+	+
9.	Заңнамасына сәйкес клирингілік қатысушыларға кандидат құрылған мемлекеттің шетелдік реттеуші органы түсіністік, ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы IOSCO көп жақты меморандумына қол қойды, не заңнамасына сәйкес клирингілік қатысушыларға кандидат құрылған мемлекеттің Standard & Poor's шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес егемен рейтингіне немесе осыған ұқсас рейтингі бар басқа рейтингтік агенттіктің деңгейіне иелік етеді (есепке берілген (жаңартылған немесе расталған) күні бойынша неғұрлым кеш рейтинг қабылданады)	–	+
10.	Шетелдік реттеуші орган берген шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды қоса алғанда, егер мұндай рұқсат (лицензия немесе құқық) қолданылатын заңнамада көзделген жағдайда, бағалы қағаздармен, қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қолданыстағы рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) болуы	+	–
11.	Шетелдік реттеуші орган берген бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) болуы	–	+
12.	eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесіне қосылудың болуы	+	+

Кестеге ескертпелер:

- 2 бағанда "+" талап "валюталық" санат бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді; "–" талап "валюталық" санат бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылмайтынын білдіреді.
- 3 бағанда "+" талап "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді; "–" талап клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша қолданылмайтынын білдіреді.

3 кесте. "Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға – АХҚО қатысушыларына қойылатын талаптар

№ р/с	Талаптың атауы	"валюта нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығының клирингілік қатысушысы", "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"
А	1	2	3
1.	"Қор биржасына мүшелік үшін шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 360 қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болып табылу	+	+
2.	Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есеп берушілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есеп берушілік жасауды жүзеге асыру	+	+
3.	Клирингілік қатысушы мәртебесін алу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде күнтізбелік бір жыл құқықтар (лицензиялар немесе рұқсаттар) негізінде қызметті жүзеге асыру	+	+
4.	Клирингілік қатысушы тіркелген мемлекеттің уәкілетті органы белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативін сақтау	+	+
5.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына/акционерлеріне/лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларына қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+
6.	Өзінің негізгі бөлігінде бағалы қағаздар нарығының брокер-дилерлері үшін тәуекел-менеджментін ұйымдастыру жөніндегі ережелерге сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актісінде не реттеуші органмен ұсынылған не белгіленген тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+
7.	eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесіне қосылудың болуы	+	+

Кестеге ескертпелер:

- 1) 2 бағанда "+" талап "валюталық" санат бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді;
- 2) 3 бағанда "+" талап "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға (клирингілік қатысушыларға) қолданылатынын білдіреді.

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ клирингілік қатысушысы
мәртебесін алу үшін ұсынылуға жататын құжаттардың****ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескертпелер
А	1	2	3
1.	Уәкілетті орган немесе шетелдік реттеуші орган кандидатқа берген және кандидаттың бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын қолданыстағы лицензия немесе кандидатқа көрсетілген құқықты беретін өзге де құжат	Лицензияның көшірмесі немесе өзге құжат нотариалды куәландырылған және .pdf форматында электрондық түрде ұсынылуы тиіс, сондай-ақ осы құжаттардың қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмелері болып табылуы тиіс	
2.	Уәкілетті орган немесе шетелдік реттеуші орган кандидатқа берген және кандидаттың ұлттық және/немесе шетел валюталарында банк операцияларын жүргізуге, оның ішінде шетел валютасымен мәмілелер жасауға (айырбастау операцияларын жүзеге асыруға) құқығын растайтын қолданыстағы лицензия не шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда) не кандидатқа шетел валютасымен мәмілелер жасауға (айырбастау операцияларын жүзеге асыруға) құқық беретін өзге де құжат	Лицензияның көшірмесі немесе өзге құжат нотариалды куәландырылған және .pdf форматында электрондық түрде ұсынылуы тиіс, сондай-ақ осы құжаттардың қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмелері болып табылуы тиіс	
3.	Аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған қаржы жыл үшін жылдық қаржылық есеп берушілік (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда -	Көрсетілген қаржылық есеп берушілік қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен	Егер клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескертпелер
А	1	2	3
	кандидаттың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі және жеке қаржылық есеп берушілігі)	қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасына (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бейрезиденттер, АХҚО қатысушылар үшін) сәйкес жасалуға тиіс. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері: 1) тігілген, нөмірленген, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған; 2) .pdf форматында электрондық түрде ұсынылған және осы құжаттардың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмелері болып табылуға тиіс	соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілген жағдайда, соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы аяқталған қаржы жылы үшін көрсетілген қаржылық есеп берушілікті ұсынуға жол беріледі
4.	Клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берілген күннің алдындағы және уәкілетті бөлімшемен келісілген есепті кезең үшін аралық қаржылық есеп берушілік (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда – кандидаттың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі және жеке қаржылық есеп берушілігі)	Көрсетілген қаржылық есеп берушілік қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасына (Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бейрезиденттер, АХҚО қатысушылар үшін) сәйкес жасалуға тиіс. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері: 1) тігілген, нөмірленген, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған; 2) .pdf форматында электрондық түрде ұсынылған және осы құжаттардың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмелері болуы тиіс	Егер күнтізбелік жыл аяқталған күннен бастап клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берілген күнге дейін төрт айдан аз уақыт өтсе, ұсыну талап етілмейді
5.	Уәкілетті органның немесе шетелдік реттеуші органның талаптарына сәйкес клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берген айдың алдындағы күнтізбелік айдың соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша кандидат есептеген пруденциалдық нормативтердің мәндері туралы мәліметтер	Мәліметтер тігілуі, нөмірленуі, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қоюы тиіс.	

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескертпелер
A	1	2	3
6.	Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелерді орындау мақсатында Клиринг орталығы есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін пайдаланатын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ кандидаттың шоттарының деректемелері көрсетілген құжат		"Қор" санаты бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға ғана қолданылады
7.	Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелерді орындау мақсатында Клиринг орталығы ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын кандидаттың қазақстандық теңгедегі ағымдағы банктік шотының деректемелері көрсетілген құжат		
8.	Кандидаттың уәкілетті орган белгілеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты		
9.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнама		
10	Халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнама		
11.	Халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталуы туралы растау хаты		

Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға

3 қосымша

[фирмалық бланкіде, өтініштің шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып, түсініктеме жойылсын]

<p align="center">Клирингілік қатысушы мәртебесін беру және клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа қосылу туралы</p> <p align="center">ӨТІНІШ</p>	<p align="center">З А Я В Л Е Н И Е</p> <p align="center">о присвоении статуса клирингового участника и присоединении к договору о клиринговом обслуживании</p>
<p>Осы Өтінішпен "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан (бұдан әрі – Биржа) <i>[жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингілік қатысушы мәртебесін беруге кандидаттың толық және қысқартылған атауы (орыс, мемлекеттік және өзге тілдерде) көрсетілсін, түсініктеме алып тасталсын]</i>, бұдан әрі – кандидат, келесі биржалық нарықта(тарда)⁴ клирингілік қатысушы мәртебесін беруді сұраймыз <i>[белгілеңіз, түсініктеме алып тасталсын]</i>:</p> <p><input type="checkbox"/> қор нарығы</p> <p><input type="checkbox"/> валюта нарығы</p> <p><input type="checkbox"/> деривативтер нарығы</p>	<p>Настоящим Заявлением прошим АО "Казахстанская фондовая биржа" (далее – Биржа) присвоить <i>[указать полное и сокращенное наименование (на русском, государственном и ном языках) кандидата на присвоение статуса клирингового участника в соответствии с уставом и произведенной регистрацией (перерегистрацией) юридического лица в органах юстиции, комментарий удалить]</i>, далее – кандидат, статус клирингового участника на следующем(их) биржевом(ых) рынке(ках)⁵ <i>[отметить, комментарий удалить]</i>:</p> <p><input type="checkbox"/> фондовый рынок</p> <p><input type="checkbox"/> валютный рынок</p> <p><input type="checkbox"/> рынок деривативов</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, мыналарды мәлімдейміз:</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что:</p>
<p>– Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерімен (бұдан әрі – Клирингілік ережелер), Клирингілік қатысушылар туралы қағидамен, Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағидамен және клирингілік қызметке қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен таныстық;</p>	<p>– ознакомлены с Правилами осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами (далее – Правила клиринга), Положением о клиринговых участниках, Положением о членских взносах, биржевых и клиринговых сборах, о комиссии за учет залогового обеспечения и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности;</p>

⁴ 2018 жылдың 01 қазанына дейін қор нарығындағы клирингілік қатысушы мәртебесіне "қор нарығының клирингілік қатысушысы" санаты бойынша клирингілік қатысушы мәртебесі, валюта нарығындағы клирингілік қатысушы мәртебесіне "валютна нарығының клирингілік қатысушысы" санаты бойынша клирингілік қатысушы мәртебесі, деривативтер нарығындағы клирингілік қатысушы мәртебесіне "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы" санаты бойынша клирингілік қатысушы мәртебесі сәйкес келді.

⁵ До 01 октября 2018 года статусу клирингового участника на фондовом рынке соответствовал статус клирингового участника по категории "клиринговый участник фондового рынка", статусу клирингового участника на валютном рынке соответствовал статус клирингового участника по категории "клиринговый участник валютного рынка", статусу клирингового участника на рынке деривативов соответствовал статус клирингового участника по категории "клиринговый участник рынка деривативов".

<p>– Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және Биржаның клирингілік қызметке қатысты өзге де ішкі құжаттарында белгіленген барлық шарттармен және талаптармен сөзсіз келісеміз және осы шарттар мен талаптарды сақтауға, осы шарттар мен талаптарды бұзғаны үшін толық жауапты болуға міндеттенеміз;</p> <p>– Клирингілік ережелерге, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға кейіннен енгізілген барлық өзгертулерді және/немесе толықтыруларды немесе олардың жаңа редакцияда жазылуын және Биржаның клирингілік қызметке қатысты өзге де ішкі құжаттарын қабылдаймыз;</p> <p>– қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша, кепілдік жарнаны (кепілдік жарналарды), қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу) бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға, олар есептелген кезде клирингілік алымдарды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды) төлеуге, сондай-ақ Клирингілік ережелерге, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес басқа да төлемдерді жүзеге асыруға және/немесе Биржаның шығыстарын өтеуге міндеттенеміз.</p>	<p>– безусловно соглашаемся со всеми условиями и требованиями, установленными Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках (в том числе приложениями к нему) и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности, и обязуемся соблюдать эти условия и требования, нести полную ответственность за нарушение этих условий и требований;</p> <p>– принимаем все внесенные впоследствии изменения и/или дополнения в Правила клиринга, Положение о клиринговых участниках, или изложение их в новой редакции, и иные внутренние документы Биржи, относящиеся к клиринговой деятельности;</p> <p>– обязуемся своевременно выполнять обязательства по сделкам с финансовыми инструментами, по внесению (довнесению) гарантийного взноса (гарантийных взносов), обеспечения, уплачивать клиринговые сборы, неустойки (штрафы) при их начислении, а также осуществлять другие платежи и/или возмещать расходы Биржи в соответствии с Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи.</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Биржамен жасалатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) www.kase.kz интернет-ресурсында орналастырылған тұтастай клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа (бұдан әрі – Келісім-шарт) қосылу туралы мәлімдейміз.</p> <p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, кандидатқа клирингілік қатысушы (бұдан әрі – клирингілік қатысушы) мәртебесін беру туралы Биржа шешімі қолданысқа енгізілген күннен бастап Келісім-шарттың Биржамен жасалған болып есептелетіні туралы Клирингілік қатысушылар туралы ережелердің шартымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз.</p> <p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Келісім-шарттың мынадай талаптарымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз:</p> <p>Келісім-шарт Биржаның және клирингілік қатысушы клиенттерінің арасындағы қатынастарды реттемейді;</p> <p>клирингілік қатысушының оның клиентімен (клиенттерімен), атап айтқанда, осындай</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем о присоединении к договору о клиринговом обслуживании (далее – Договор) в целом, размещенном на интернет-ресурсе АО "Казахстанская фондовая биржа" (далее – Биржа) www.kase.kz, заключаемому с Биржей.</p> <p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны с условием Положения о клиринговых участниках о том, что Договор считается заключенным с Биржей с даты введения в действие решения Биржи о присвоении кандидату статуса клирингового участника (далее – клиринговый участник).</p> <p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны со следующими условиями Договора:</p> <p>Договор не регулирует отношения между Биржей и клиентами клирингового участника;</p> <p>отношения клирингового участника с его клиентом (клиентами), возникающие, в частности, в связи с совершением сделок в интересах такого клиента (таких клиентов), исполнением и/или прекращением обязательств из них, в том числе в результате</p>

<p>клиенттің (осындай клиенттердің) мүдделері үшін мәмілелер жасасуға, олардан міндеттемелерді орындауға және/немесе тоқтатуға, оның ішінде клиринг нәтижесінде туындайтын қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және клирингілік қатысушы мен оның клиенттері (клиенттері) арасында жасалған келісім-шарттармен реттеледі;</p> <p>клирингілік қатысушы өз мүдделері үшін мәмілелер жасауға байланысты, оның ішінде олар бойынша міндеттемелерді орындауға және/немесе тоқтатуға, сондай-ақ клирингілік қатысушының Клирингілік ережелерді қолдануына қатысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде өз клиенттерінің алдында дербес (Биржаны тартусыз) жауапты болады;</p> <p>Биржа клирингілік қатысушының, оның ішінде Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін анықтауға, клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға құқылы және Биржаның осы абзацта және Биржаның ішкі құжаттарында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруына келіседі;</p> <p>клирингілік қатысушы Келісім-шартқа енгізілетін өзгертулерге және/немесе толықтыруларға қосылуға немесе Келісім-шарттың тұтастай жаңа редакцияда жазылуына өзінің келісімін береді және клирингілік қатысушы Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсын қарау арқылы оған қосымшаларды қоса алғанда, Келісім-шарттың редакциясының өзгеруін дербес қадағалайтынына келіседі.</p>	<p>клиринг, регулируются законодательством Республики Казахстан и договорами, заключенными между клиринговым участником и его клиентом (клиентами);</p> <p>клиринговый участник несет самостоятельно (без привлечения Биржи) ответственность перед своими клиентами при возникновении каких-либо вопросов, связанных с совершением сделок в их интересах, в том числе касающихся исполнения и/или прекращения обязательств по ним, а также применения клиринговым участником положений Правил клиринга;</p> <p>Биржа вправе определять обязательства клирингового участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи, в порядке, установленном внутренними документами Биржи, осуществлять расчеты по итогам клиринга, и согласны на осуществление Биржей указанных в настоящем абзаце и внутренних документах Биржи действий;</p> <p>клиринговый участник дает свое согласие на присоединение к изменениям и/или дополнениям в Договор, или изложение Договора в новой редакции в целом, и согласен с тем, что клиринговый участник самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, посредством просмотра интернет-ресурса Биржи www.kase.kz.</p>
---	--

Кандидат:

заңды тұлғаның жарғысына және әділет органдарында жүргізілген тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес орыс тілінде клирингілік қатысушы мәртебесін алуға кандидаттың толық және қысқартылған атауы көрсетілсін] / указать полное и сокращенное наименование кандидата на приобретение статуса клирингового участника на русском языке в соответствии с уставом и произведенной регистрацией (перерегистрацией) юридического в органах юстиции]

БСН/ БИН: _____

банк деректемелері/банковские реквизиты^

орналасқан жерінің мекен-жайы (әділет органдарында тіркелген мәліметтерге сәйкес пошталық мекен-жайы және нақты мекен-жайы) / адрес местонахождения (почтовый адрес согласно сведениям, зарегистрированным в органах юстиции)::

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

е-mail _____

телефондар: байланыс / телефоны: контактный _____,

мобильді байланыс/ мобильной связи: _____

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

_____ Биржаның Өтінішті қабылдау туралы белгісі // Отметка Биржи
о принятии Заявления:

** (Өтінішті қабылдаған операциялық жұмыскердің аты-жөні, лауазымы, қолы мен мөрі
қойылсын, түсіндірме алынсын)*

* _____ қолы

М.О.

"__" "_____" 20__ ж.

_____ Биржаның деректемелері / Реквизиты Биржи:

Тіркелген мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers"
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, телефон: +7 (727) 237 5300.

<p align="center">Клирингілік қызмет көрсету туралы КЕЛІСІМ - ШАРТ</p> <p>Осы Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады және Клирингілік қатысушыларға клирингілік қызмет көрсету бойынша "Қазақстан қор биржасы" АҚ қызмет көрсетуінің стандартты талаптарын анықтайды.</p>	<p align="center">ДОГОВОР о клиринговом обслуживании</p> <p>Настоящий Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия оказания АО "Казахстанская фондовая биржа" услуг Клиринговым участникам по клиринговому обслуживанию.</p>
<p align="center">1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</p> <p>Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ.</p> <p>Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш – Клирингілік қатысушы толтырған, Биржаның нысаны бойынша Клирингілік қатысушының осы Келісім-шартқа қосылу туралы жазбаша өтініші.</p> <p>Клирингілік қатысушы – Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға сәйкес клирингілік қатысушы мәртебесін алған, осы Келісім-шартқа қосылу туралы берген және Биржа қабылдаған Өтініш негізінде осы Келісім-шартқа қосылған заңды тұлға.</p> <p>Клирингілік ережелер – Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты.</p> <p>Тараптар – Биржа және Клирингілік қатысушы.</p> <p>Келісім-шартта қамтылған ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның ішкі құжаттарында: Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсында орналастырылған Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада белгіленген мәндерде пайдаланылады.</p>	<p align="center">1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ</p> <p>Биржа – АО "Казахстанская фондовая биржа".</p> <p>Заявление о присоединении к Договору – письменное заявление Клирингового участника по форме Биржи о присоединении к настоящему Договору, заполненное Клиринговым участником.</p> <p>Клиринговый участник – юридическое лицо, получившее статус клирингового участника в соответствии с Положением о клиринговых участниках, присоединившееся к настоящему Договору на основании поданного и принятого Биржей Заявления о присоединении к настоящему Договору.</p> <p>Правила клиринга – внутренний документ Биржи "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами".</p> <p>Стороны – Биржа и Клиринговый участник.</p> <p>Понятия и термины, содержащиеся в Договоре, используются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Биржи: Правила клиринга, Положение о клиринговых участниках, размещенными на интернет-ресурсе Биржи www.kase.kz.</p>
<p align="center">2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР</p> <p>2.1. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының ережелеріне сәйкес Тараптар жасасатын қосылу келісім-</p>	<p align="center">2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ</p> <p>2.1. Настоящий Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи</p>

<p>шарты болып табылады, оның талаптарын Клирингілік қатысушы тұтастай осы Келісім-шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.</p> <p>2.2. Осы Келісім-шарт Биржаның интернет-ресурсында жарияланған.</p> <p>2.3. Осы Келісім-шартқа сәйкес Клирингілік қатысушы тапсырады, ал Биржа Биржаның сауда-саттық жүйесінде Клирингілік қатысушы және/немесе ол уәкілеттік берген Сауда-саттыққа қатысушы жасайтын қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клирингілік ережелерде және клиринг қызметіне қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда клирингілік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға (орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырумен немесе жүзеге асырмай) міндеттенеді.</p> <p>2.4. Осы Келісім-шарттың талаптары Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада және клирингілік қызметке қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарында анықталған.</p> <p>2.5. Биржа орталық контрагенттің функцияларын қабылдай отырып немесе қабылдамай клирингілік қызметті жүзеге асыратын мәмілелер, көрсетілетін қызметтердің құрамы, оларды көрсету шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері мен тәртібі, сондай-ақ клирингілік қызмет көрсетуге байланысты Тараптардың өзге де құқықтары мен міндеттері, Клирингілік ережелерде белгіленеді.</p> <p>2.6. Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле, мұндай мәмілелердің үлгі шарттарын Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.</p>	<p>389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Клиринговым участником не иначе, как путем присоединения к настоящему Договору в целом.</p> <p>2.2. Настоящий Договор опубликован на интернет-ресурсе Биржи.</p> <p>2.3. В соответствии с настоящим Договором Клиринговый участник поручает, а Биржа обязуется осуществлять клиринговое обслуживание (с или без осуществления функций центрального контрагента) в отношении сделок с финансовыми инструментами, заключаемых Клиринговым участником и/или уполномоченным им Участником торгов в торговой системе Биржи, в порядке и на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан, Правилами клиринга и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности.</p> <p>2.4. Условия настоящего Договора определены Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи, относящимися к клиринговой деятельности.</p> <p>2.5. Сделки, по которым Биржа осуществляет клиринговую деятельность, принимая или не принимая на себя функции центрального контрагента, состав услуг, условия и порядок их оказания, размер и порядок оплаты, а также иные права и обязанности Сторон, связанные с клиринговым обслуживанием, устанавливаются Правилами клиринга.</p> <p>2.6. Сделка с лицом, связанным с Биржей особыми отношениями, может быть осуществлена только по решению Совета директоров Биржи, за исключением случаев, когда типовые условия таких сделок утверждены Советом директоров Биржи.</p>
<p>3. ОСЫ КЕЛІСІМ-ШАРТҚА ҚОСЫЛУ ТАЛАПТАРЫ</p> <p>3.1. Клирингілік қатысушы Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою және оны Биржа қабылдау жолымен осы</p>	<p>3. УСЛОВИЯ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К НАСТОЯЩЕМУ ДОГОВОРУ</p> <p>3.1. Клиринговый участник присоединяется к настоящему Договору путем подписания Заявления о присоединении к Договору и принятия</p>

<p>Келісім-шартқа қосылады.</p> <p>3.2. Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – осы Келісім-шартты алғанын, оқығанын, түсінгенін және стандартты талаптарының ережелерін толық көлемде қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықсыз келіскенін және осы Келісім-шарттың барлық қағидаларын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін; – осы Келісім-шарттың қағидаларын орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне қабылдайтынын; – Клирингілік қатысушы Биржаның осы Келісім-шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыруының барлық талаптарымен және тәртібімен келісетінін; – осы Келісім-шарттың барлық қағидалары Клирингілік қатысушының мүдделері мен білдірген еркіне толық көлемде сәйкес келетінін; – Клирингілік қатысушының, егер Биржада Келісім-шартқа қосылу туралы өтініштің данасы болса, оның осы Келісім-шартты оқымауының/түсінбеуінің/қабылда мауының дәлелі ретінде, осы Келісім-шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін растайды және келіседі. 	<p>его Биржей.</p> <p>3.2. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Клиринговый участник подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <ul style="list-style-type: none"> – получил, прочитал, понял и согласился с положениями стандартных условий настоящего Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения настоящего Договора; – принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений настоящего Договора; – Клиринговый участник соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Биржей услуг, предусмотренных настоящим Договором; – все положения настоящего Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Клирингового участника; – Клиринговый участник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в настоящем Договоре, как доказательство того, что настоящий Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Биржи имеется экземпляр Заявления о присоединении к Договору.
<p>4. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫ КЛИЕНТТЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ</p> <p>4.1. Осы Келісім-шарт пен Клирингілік ережелер Биржа мен Клирингілік қатысушы клиенттерінің арасындағы қатынастарды жасамайды және соның салдарынан реттемейді.</p> <p>Клирингілік қатысушының оның клиентімен (клиенттерімен), атап айтқанда, осындай клиенттің (осындай клиенттердің) мүдделері үшін мәмілелер жасасуға, олардан</p>	<p>4. ОТНОШЕНИЯ КЛИРИНГОВОГО УЧАСТНИКА С КЛИЕНТАМИ КЛИРИНГОВОГО УЧАСТНИКА</p> <p>4.1. Настоящий Договор и Правила клиринга не создают и, как следствие, не регулируют отношения между Биржей и клиентами Клирингового участника.</p> <p>Отношения Клирингового участника с его клиентом (клиентами), возникающие, в частности, в связи с совершением сделок в интересах такого клиента (таких клиентов),</p>

<p>міндеттемелерді орындауға және/немесе тоқтатуға, оның ішінде клиринг нәтижесінде туындайтын қатынастары бірінші кезекте Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Клирингілік қатысушы мен оның клиенті (клиенттері) арасында жасалған келісім-шарттармен реттеледі. Клирингілік қатысушы оның клиентімен (клиенттерімен) жасасқан келісім-шартта болуы мүмкін сілтемелерге қарамастан, Клирингілік ережелерге қандай да бір жағдайларда да мұндай келісім-шартты алмастырмайды.</p> <p>Клирингілік ережелердің ешқандай қағидалары Биржа мен Клирингілік қатысушының клиенті (клиенттері) арасындағы келісім-шарттың талаптары ретінде түсіндірілмейді.</p>	<p>исполнением и/или прекращением обязательств из них, в том числе в результате клиринга, регулируются в первую очередь законодательством Республики Казахстан и договорами, заключенными между Клиринговым участником и его клиентом (клиентами). Невзирая на возможные ссылки в договоре, заключенном Клиринговым участником с его клиентом (клиентами), на Правила клиринга ни при каких условиях не заменяют собой такой договор.</p> <p>Никакие положения Правил клиринга не могут толковаться как условия договора между Биржей и клиентом (клиентами) Клирингового участника.</p>
<p>5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</p> <p>5.1. Биржа:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клирингілік қатысушы және/немесе ол уәкілеттік берген Саудасаттыққа қатысушы жасайтын мәмілелерге қатысты клирингілік қызмет көрсетуді (орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырмай немесе жүзеге асырмай) Клирингілік ережелерде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асыруға; 2) Клирингілік ережелерге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы Клирингілік ережелерде көзделген мерзімде және тәртіппен Клирингілік қатысушыны хабардар етуге; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенеді. 	<p>5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>5.1. Биржа обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осуществлять клиринговое обслуживание (с или без осуществления функций центрального контрагента) в отношении сделок, заключаемых Клиринговым участником и/или уполномоченным им Участником торгов, на условиях и в порядке, установленных Правилами клиринга и требованиями законодательства Республики Казахстан; 2) уведомлять Клирингового участника о внесенных в Правила клиринга изменениях и/или дополнениях (в том числе путем утверждения Правил клиринга в новой редакции) в срок и в порядке, предусмотренные Правилами клиринга; 3) выполнять иные обязательства, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Биржи.
<p>5.2. Клирингілік қатысушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клирингілік ережелердің, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың және Биржаның клирингілік қызметіне жататын Биржаның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын 	<p>5.2. Клиринговый участник обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) соблюдать требования Правил клиринга, Положения о клиринговых участниках и иных внутренних документов Биржи, относящихся к клиринговой деятельности Биржи;

<p>сақтауға;</p> <p>2) Биржаның пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, Клирингілік қатысушының және/немесе ол уәкілеттік берген Сауда-саттыққа қатысушының Биржаға қатысты клирингілік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мәмілелерді жасасуы нәтижесінде туындайтын барлық міндеттемелерді тиісінше орындауға;</p> <p>3) кепілдік жарнаны (кепілдік жарналарды), қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу) жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындауға, клирингілік алымдарды төлеуге, Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, оларды Биржа есептеген кезде тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды) төлеуге, сондай-ақ Клирингілік ережелерде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіппен Биржаның басқа да төлемдерін жүзеге асыруға және/немесе шығыстарын өтеуге;</p> <p>4) Биржа Клирингілік ережелердің талаптарына сәйкес дефолттарды реттеу жөніндегі процедуралар шеңберінде Клирингілік қатысушы атынан Биржа жасаған орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді (жаңарту нәтижесінде туындаған міндеттемелерді қоса алғанда) қабылдауға және орындауға;</p> <p>5) өз қызметі процесінде кепілдік беруге және Биржаны өздерінің клиенттерімен және өзге де үшінші тұлғалармен сот талқылауына тарту мүмкіндігін туғызатын жағдайларға жол бермеуге, Клирингілік қатысушы көрсететін қызметтердің мәнінен туындайтын өз клиенттерінің барлық талаптарын дербес реттеуге, Клирингілік қатысушының клиенті Биржаға наразылықтар және/немесе талаптар қойған жағдайда Биржаға өз клиентінің</p>	<p>2) надлежащим образом выполнять все обязательства, возникающие в результате заключения Клиринговым участником и/или уполномоченным им Участником торгов сделок, в отношении которых Биржа осуществляет клиринговое обслуживание (с или без осуществления функций центрального контрагента), включая обязательства по уплате клиринговых сборов в пользу Биржи;</p> <p>3) своевременно выполнять обязательства по внесению (довнесению) гарантийного взноса (гарантийных взносов), обеспечения, уплачивать клиринговые сборы, в случае невыполнения своих обязательств, предусмотренных внутренними документами Биржи, уплачивать неустойки (штрафы) при их начислении Биржей, а также осуществлять другие платежи и/или возмещать расходы Биржи в размере и порядке, предусмотренные Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Биржи;</p> <p>4) принимать и исполнять обязательства по всем сделкам, по которым Биржа осуществляет функции центрального контрагента (включая обязательства, возникшие в результате новации), заключенным Биржей от имени Клирингового участника в рамках процедур по урегулированию дефолтов в соответствии с требованиями Правил клиринга;</p> <p>5) гарантировать и не допускать в процессе своей деятельности ситуаций, создающих возможность вовлечения Биржи в судебные разбирательства со своими клиентами и иными третьими лицами, самостоятельно урегулировать все претензии своих клиентов, вытекающих из существа оказываемых Клиринговым участником услуг, в случае предъявления клиентом Клирингового участника претензий и/или требований к Бирже оказывать содействие Бирже по урегулированию требований</p>
---	---

